

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



1. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ДЕГЕН НЕ?

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – этникалық спорт түрлерінен өткізілетін халықаралық спорт жарыстары. Жарыстар Орталық Азияның тарихи көшпелі халықтарының ұлттық ойындарына негізделген. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне кіреді.

2. 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ҚАЙДА ЖӘНЕ ҚАШАН ӨТЕДІ?

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Астанада 8–13 қыркүйек аралығында өтеді.

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



3. 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ҚАЙ НЫСАНДАРДА ӨТЕДІ?

Астана 2024 Көшпенділер ойындарының инфрақұрылымын қалыптастыру үшін Ойындарға қатысатын объектілердің ең көп санын бір сызық бойымен орналастырудан тұратын «сызықтық» құрылыстың ең қолайлы принципі қолданылды.

5-ші ДКО инфрақұрылымына «Астана Арена» стадионы, «Қазанат» ипподромы, Ж.Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайы, «Алау» мұз сарайы, «Qazaqstan» жеңіл атлетика спорт кешені, «Думан» кешені сияқты елордалық нысан кірді.

«Қазанат» ипподромы мен Этноауыл аумағында ат жарысы, дәстүрлі садақ ату және құс салудың ұлттық түрлерінен жарыстар, ат үстіндегі сайыстар бойынша жарыстар өткізіледі. Ж.Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайы мен «Алау» мұз сарайында ұлттық күрес түрлерінен, жекпе-жек түрлерінен және халық ойындарынан жарыстар, «Думан» кешенінде дәстүрлі зияткерлік ойындар бойынша жарыстар өткізіледі. Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде ДКО Аккредиттеу және Жабдықтау орталықтары орналасады.

Қазанат ипподромының оңтүстік-батыс жағындағы іргелес 10 га аумақта орналасқан «Көшпенділер ғаламы» этноауылы ДКО мәдени бағдарламасын жүзеге асыруда негізгі алаңға айналады, сондай-ақ, мәдени бағдарлама Астана қаласының әртүрлі нысандарында (алаңдарда, саябақтарда, басқа да қоғамдық орындарда, театрларда,

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



концерт залдарында, кинотеатрларда, мұражайларда, көрме павильондарында және т.б.) өткізіледі.

Ойындардың ғылыми бағдарламасының іс-шаралары Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде өтеді.

Қонақтарды орналастыру үшін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының инфрақұрылымына кіретін спорт нысандарының жанында орналасқан шамамен 23 қонақ үй бар.

4. ОЙЫНДАРДЫҢ СПОРТ БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАНДАЙ СПОРТ ТҮРЛЕРІ ЕНГІЗІЛГЕН?

- Асық ату
- Ордо
- Арқан тартыс Бәйге
- Көкпар
- Аударыспақ Теңге ілу
- Қазақ күресі
- Ашыртмалы аба гюреши
- Күрәш (өзбек күресі)
- Көк бөрі
- Алыш
- Мас-рестлинг
- Алыптар сайысы «Powerful nomad»
- Тоғыз құмалақ
- Мангала
- Овари
- Жамбы ату
- Дәстүрлі садақ ату
- Құсбегілік
- Көрәш (татар күресі)

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



5. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНДА СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАМАДАН БАСҚА НЕ БОЛАДЫ?

Ойындар үш бағыт бойынша өткізіледі: спорт, мәдениет және ғылым.

6. МӘДЕНИ БАҒДАРЛАМА НЕДЕН ТҰРАДЫ?

Ойындардың ашылу рәсімінен бір күн бұрын «Көшпенділер ғаламы» Этноауылы есігін ашады.

Бұл күні «Астана – көшпелілердің астанасы» атты жарқын театрландырылған қойылым көрсетіледі. Шараға ДКО-ға келген шетелдік қонақтар мен халықаралық спорт ұйымдарының басшылары қатысады.

Этноауылдың бірегей концерттік алаңында күн сайын мәдени шаралар өткізіледі. Соның ішінде Қазақстанның үздік қолөнершілерінің ең ірі көрме-жәрмеңкесі және шеберлер өз қолөнерінің қыр-сырымен бөлісетін шеберлік сабақтары болады. Еліміздің айтыскерлері қатысатын дәстүрлі «Айтыс» ақындар мүшәйрасы Этноауылдағы мәдени бағдарламаның ажырамайтын құрамдас бөлігі болмақ. «Көшпенділер ғаламы» фестивалі мәдениет әлеміндегі заманауи үрдістерді көрсетеді.

Сондай-ақ Этноауылда сән көрсетілімі өтетін подиум ұйымдастырылады. Этникалық сән фестивалі аясында этникалық киімдердің түрлі үлгілері, оның ішінде

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



осы трендтің көшбасшысы – Global Nomads үлгілері ұсынылады.

Сондай-ақ, ДКО мәдени бағдарламасында кинофестиваль өткізу де қарастырылған.

Этноауылда жыртқыш құстарды салудан жарыстар және ұлттық күрес түрлерінен көрнекі қойылымдары өткізіледі. Ұлттық тағамдар фестивалі қазақ халқының қонақжайлылығы мен ақкөңілдігін паш етеді. Мұнда шеберлік сабақтары өткізіліп, әрбір келуші тамақ пен сусын дайындауға қатыса алады.

7. БІРЛІК КЕРУЕНІ ДЕГЕН НЕ?

Дәстүр бойынша, Олимпиада, Азия және Дүниежүзілік Универсиада сияқты заманауи ірі спорттық жарыстардың барлығына дерлік пішіні жағынан әртүрлі, бірақ мазмұны біркелкі Алау Эстафетасы міндетті түрде кіреді.

Алғашқы үш Көшпенділер ойындарында басты қасиетті нышан және негізгі элемент Су болды.

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



Ойындар қарсаңында Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларында әсерлі театрландырылған іс-шара өткізу барысында жергілікті қасиетті бұлақтардың бірінен Дүниежүзілік ойындардың Ашылу рәсіміне апарылатын Су алынады. Аймақтың орталық көшелерінен өтіп, орталық алаңда құрметке ие болған керуен Қазақстанның астанасына аттанады. Өңірдің дәстүрі мен стилінде безендірілген «Керуен» құрамында Су толтырылған ыдыспен бірге Астанаға Ойындардың мәдени бағдарламасына қатысатын шығармашылық топтар келеді. Сонымен қатар, керуендер өңірлерден Астанаға қажетті мөлшерде киіз үй, ыдыс-аяқ, «Көшпенділер ғаламы» этноауылын ұйымдастыруға қажеттінің барлығын әкеледі. Ойындардың ашылу күні құрамында еліміздің барлық аймақтарының атынан келген, қолына қасиетті Су толтырылған Торсық ұстаған батырлар бар керуен Ойындардың ашылу рәсімі өтетін жерге жарқын шерумен аттанады. Қасиетті көздерден алынған Су ДКО ашылу рәсімінің шарықтау шегінің маңызды құрамдас бөлігі болмақ.

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



8. ҒЫЛЫМИ БАҒДАРЛАМАҒА НЕ КІРЕДІ?

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында 9–11 қыркүйек аралығында Ұлттық мұражайда этносportты дамытудың түрлі аспектілері зерттелетін «Көшпенді халық: тарих, таным, тағылым» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіледі.

Конференция үш бағытта ұйымдастырылады: «Тарих және Мәдениет», «Спорттық ғылым», «Орталық Азияның Көшпенділердің Тамақтануы». Ғылыми қызмет аясында ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар абстрактар және/немесе постер, соған қоса баяндама конференцияның бір бағытына ұсына алады.

9. 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ АЯСЫНДАҒЫ ІС-ШАРАЛАРҒА КІРУ ТЕГІН БЕ, ӘЛДЕ АҚЫЛЫ МА?

Спорттық шараларға кіру ақылы болады. Этноауылдағы мәдени шараларға қатысу тегін болмақ. Дәстүрлі зияткерлік ойындар, атап айтқанда, тоғызқұмалақ, мангала, овари жарыстары көрерменсіз өтеді

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



10. 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА БИЛЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ САТЫП АЛУҒА БОЛАДЫ?

Ойындарға билеттерді ресми билет операторының www.zakazbiletov.kz сайты арқылы сатып алуға болады. 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының билеттерін сату кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Кейбір алаңдар жөндеуден өтіп, көрермендерге арналған орындардың орналасуы өзгеруде. Осыған орай, ашылу салтанатына билеттерді сату кейінірек басталады.

Таңертеңгілік шоуға немесе кешкі уақыттарға сатып алынған билет тек таңдалған сессияның ұзақтығына жарамды. Тиісті сеанс аяқталғаннан кейін сатып алушы объектіні бақылау аймағынан шығуға міндетті. Таңертеңгілік сессияға билет кешкі сессияға қатысуға құқық бермейді;

Онлайн билеттерді ресми билет операторының www.zakazbiletov.kz сайтында онлайн сатып алуға болады. Офлайн билет кассалары қыркүйекте жарыс басталар алдында бірден үш жерде ашылады.

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



11. БИЛЕТТЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР БАР МА?

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының көрермендеріне қарастырылған жеңіліктер келесідей:

Азаматтардың келесі санаттары үшін тегін билеттер ұсынылады:

- 0–5 жас аралығындағы балаларды қоса алғанда (орынсыз);
- I, II топтағы мүгедектер.

Ескертпе: Тегін билеттерді тек тиісті құжатты көрсеткен кезде онлайн кассаларда алуға болады.

Азаматтардың келесі санаттары үшін билеттерге жеңілдіктер қарастырылған:

- мектеп тарифі (6 жастан 18 жасқа дейін) – базалық тарифтің 50%;
- зейнеткер тарифі – базалық тарифтің 50%.

Ескерту: жеңілдік билеттерін тек тиісті құжатты көрсеткеннен кейін ғана оффлайн кассалардан сатып алуға болады.

Оқушылар мен зейнеткерлерге арналған тегін билеттер мен жеңілдіктер Ойындардың ашылу салтанатына қолданылмайды.

Тегін билеттер Көкпар ойындарының финалына жарамсыз.

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



12. ОЙЫНДАР БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҚАЙДАН АЛУҒА БОЛАДЫ?

Барлық спорттық және мәдени іс-шаралардың толық кестесі 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ресми сайтында қолжетімді болады.

Сайт: www.worldnomadgames.kz

13. 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУЫ МЕН ЖАБЫЛУ САЛТАНАТЫ ҚАЙДА ӨТЕДІ?

Ірі халықаралық спорт форумдарының дәстүрлеріне сүйене отырып, Көшпенділер ойындарындағы ең мәнді және жарқын оқиғалар ойындардың ашылу және жабылу рәсімдері болып табылады. Театрландырылған көріністер арқылы қабылдаушы елдің мәдени мұрасы, мемлекет дамуының маңызды белестері, музыкалық-хореографиялық мәдениет жауһарларының қойылымы паш етіледі.

Қатысушы елдердің командалары алфавиттік тәртіп бойынша бөлек топтармен, салтанатты маршпен жүріп өтеді. Ашылу рәсімі міндетті түрде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының туын өткізу және көтеру тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын және Дүниежүзілік көшпенділер әнұранын орындауды қамтиды.

Ойындардың ашылғанын ресми түрде жариялайтын Мемлекет басшысының сөзі Ашылу салтанатының шарықтау шегі болмақ.

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жабылу рәсімі «Қазанат» орталық ипподромында өткізілетін көкпар турнирінің финалист командаларының финалдық ойыны бітісімен іле өткізіледі. Қатысушылар шеруі Ойындар кезінде бір отбасындай болып үлгірген спортшылардың ынтымақтастығын білдіретін бір ортақ команда форматында өтеді.

14. ОЙЫНДАРҒА ҚАЛАЙ ЕРІКТІ БОЛУҒА БОЛАДЫ?

Еріктілерден 5000-нан астам өтінім, оның ішінде Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, АҚШ, Түркия, Германия, Франция, Испания, Корея, Түркіменстан, Беларусь және Гана Республикаларынан өтініш келіп түсті. Ойындарға жалпы саны 1000 ерікті жұмылдырылады.

Ойындар басталмас бұрын еріктілер арнайы дайындық пен шеберлік сабақтарынан өтеді. Өтінім беру үшін www.worldnomadgames.kz ресми сайтындағы тиісті форманы толтыру қажет. Еріктілерге ұйымдастырушы топтың бір бөлігі болуға, бірегей тәжірибе жинақтауға және әртүрлі халықтардың мәдениетімен танысуға мүмкіндік беріледі.

15. БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ АККРЕДИТАЦИЯНЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

БАҚ өкілдеріне аккредитация алу үшін www.worldnomadgames.kz ресми сайтында өтініш толтыру қажет.

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



16. БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҚТАРЫ ҚАЙДА ОРНАЛАСАДЫ?

Жарыс өтетін барлық нысанда баспасөз орталықтары болады. Негізгі баспасөз орталығы «Арғымақ» ғимаратында орналасады. Сұхбат алу алаңы (микс зона) ойын алаңдарының жанында орналасады. Сондай-ақ, негізгі баспасөз орталығында жылжымалы телестудия орналасады.

17. ОЙЫНДАРДЫ ТЕЛЕАРНА НЕМЕСЕ ИНТЕРНЕТТЕН ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕН КӨРСЕТУ МҮМКІНДІГІ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН БА?

Иә, барлық маңызды шаралар Ойындардың ресми сайтында және әлеуметтік желілерде тікелей эфирде көрсетіледі. Телеарналар арқылы хабар тарату да жоспарда бар..

18. БАЛАЛАРЫ БАР КӨРЕРМЕНДЕРГЕ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ?

Іс-шаралар бағдарламасында этноауылдың ең кішкентай қонақтарына көп көңіл бөлінеді, олар көптеген ойын-сауық және танымдық ойын алаңдары мен этникалық стильдегі аттракциондарды тамашалайды.

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



19. КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ КЕЗІНДЕ ҚАНДАЙ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ҚАБЫЛДАНАДЫ?

Ойындар кезінде қауіпсіздік шаралары күшейтілетін болады. Қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ойындар өтетін орындарда құқық қорғау органдарының қызметкерлері жұмыс істейді.

Шараларға кіру үшін бақылау, соның ішінде металл іздегіштерді пайдалана отырып, келушінің жеке заттары мұқият тексеріледі.

Жарыс алаңында және адам көп жиналатын жерлерде медициналық қызметкерлер қызмет атқарады және қажет болған жағдайда медициналық көмек көрсету үшін фельдшерлік пункттер, жедел жәрдем көліктері орналасады.

Әрбір нысанда өрт сөндіру бөлімшелері кезекшілікте болады және ықтимал өрттердің алдын алу және оларға жедел әрекет ету үшін өрт сөндіру құралдары жұмылдырылады.

Барлық нысандарға сыртқы бақылау камералары орнатылады.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында орталықтандырылған сервер орналасатын және Ойындардың барлық нысандары бақыланатын ОБО (ойындарды басқару орталығы) құрылады.

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



20. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ӨТЕТІН ЖЕРГЕ ҚАЛАЙ ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ?

Ойын өтетін орындарға қоғамдық көлікпен немесе таксимен жетуге болады. Ресми такси қызметтерін пайдалануды ұсынамыз.

Ойындардың аккредиттелген қатысушылары үшін қонақүйлер мен барлық орындар арасында маршруттық автобустар жүреді.

21. ЖЕКЕ КӨЛІКТЕР ҮШІН ТҰРАҚ ОРЫНДАРЫ БОЛАДЫ МА?

Иә, іс-шара өтетін жерде жеке көліктерге арналған тұрақтар болады.

22. ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНА КІРУ ТӘРТІБІ ҚАЛАЙ БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасына кіру үшін шетел азаматтары сапар мақсаты мен болу ұзақтығына байланысты визаны талап етеді.

Қазақстан Республикасы өзара визасыз жүру туралы бөлек екіжақты келісімдер жасасқан елдердің азаматтары үшін виза талап етілмейді.

Қазақстан Республикасына кіру кезінде азаматтары

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



виза талап ететін шет мемлекеттердің тізімін көру үшін мына сілтеме бойынша өтіңіз: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/activities/34747?lang=ru&parentId=3053>

МАҢЫЗДЫ:

Дүниежүзілік конгрестің аккредиттелген қатысушыларына өтініш берген жердегі Қазақстан Республикасының Елшіліктері мен консулдықтарында кіру визаларын тегін беру қамтамасыз етіледі.

23. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНА ЖАНУАРЛАРДЫ (ЖЫЛҚЫ, ІРІ ҚАРА, ИТТЕР, ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАР) ӘКЕЛУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҚАЙДАН АЛУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекет болып табылады және оның аумағында Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен (бұдан әрі – Шешім) бекітілген ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар бекітілген.

3.7 тармағына сәйкес. Бақыланатын тауарларды әкелу, әкету, транзиттеу, сондай-ақ Одақ шегінде бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына тасымалдаудың бүкіл кезеңі ішінде өтуі кезіндегі шешімдерге ветеринариялық сертификаттар қоса берілуі тиіс. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерден реттелетін тауарларды импорттау кезінде оған Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 қарашадағы № 455

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ БОЙЫНША ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



шешімімен бекітілген нысан бойынша ветеринариялық сертификаттар қоса беріледі. Бақыланатын тауарларды Одақтың кедендік аумағына үшінші елдерден әкелген жағдайда бланкілері Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін бақыланатын тауарларға арналған Бірыңғай ветеринариялық сертификаттардың бланкілеріне сәйкес келетін ветеринариялық сертификаттармен бірге жүруі мүмкін. Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешімімен бекітілген үшінші елдерден Еуразиялық экономикалық одақ.

Сондай-ақ, 6.1. Шешімдер Одақтың кедендік аумағына реттелетін тауарларды үшінші елдерден әкелу Орнындалатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсаттар беру қағидаларына сәйкес берілген импортқа рұқсат болған кезде жүзеге асырылады. Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды есепке алу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы No 16-04/647 бұйрығымен бекітілген.

Толық ақпаратты сілтеме арқылы сайттан танысуға болады:

<https://worldnomadgames.kz/ru/news/trebovaniya-k-vezdu>